

Не менее интересны исследовательские работы учащихся по былинам на тему «Так говорили былинны героини», «Незаслуженно забытые слова», в которых велось наблюдение над речью былинных героев.

При практической реализации исследовательского подхода в обучении использую разнообразные формы учебной работы: индивидуальную, групповую, коллективную, фронтальную. Индивидуальная работа представляет собой выполнение учебного задания каждым учеником самостоятельно в соответствии со своими индивидуальными возможностями, без взаимодействия с другими учениками.

Исследовательская деятельность, организуемая учителем на уроке, оказывает самое прямое воздействие на внеклассную работу по предмету. Известно, что на уроке не всегда предоставляется возможность обстоятельного и углубленного осмысления фактов, явлений и закономерностей. Логическим продолжением урока или серии уроков по теме может стать какая-либо форма научно-образовательной, поисково-творческой деятельности во внеурочное время (предметные недели, научно-практические конференции, викторины, конкурсы, олимпиады, творческие мастерские, конкурсы проектов), материалом к которым служат работы школьников, выполненные ими как самостоятельные исследования.

Активизировать познавательный интерес школьников помогает разработанный дидактический материал: ментальные карты, раздаточный материал, обучающие таблицы, а также мультимедия.

В заключении хочется сказать, что системная и целенаправленная работа по созданию условий для формирования навыков исследовательской деятельности позволила достичь положительных результатов.

Учащиеся, занимающиеся исследовательской деятельностью, уверенней чувствуют себя на уроках, грамотно задают вопросы, расширяют свой кругозор, активно участвуют в научно-практических конференциях, в конкурсах исследовательских работ разного уровня.

Список литературы:

1. Качурин М.Г. Организация исследовательской деятельности учащихся на уроках литературы. М., 1988.
2. Кудряшев Н.И. Взаимосвязь методов обучения на уроках литературы. - М., 1981.
3. Леонтович А. Учебно-исследовательская деятельность школьников как модель педагогической технологии. Народное образование. № 10. 1999.
4. Лернер И. Я. Поисковые задачи в обучении как средство развития творческих способностей. // в кн. Научное творчество. Под ред. Микулинского С. Р. – М., 1969.
5. Мадер Р.Д. Первые шаги в научном поиске // Литература в школе. – 1981. – № 12.
6. Московкина И. И. Урок-исследование. Специалист 1999, № 7
7. Пахомова Н.Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении. – М.: Аркти, 2003.
8. Сергеева М.Г. Об экспертизе исследовательских работ учащихся // Исследовательская работа школьников. – 2003. № 3. – С. 136-138.

Жұмабаева Айжамал Мықтыбекқызы
п.ғ.к., ТарМПИ доценті,
Тараз қаласы

«ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ» АРНАЙЫ КУРСЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада «Қазақ тілін оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану» арнайы курсының оқыту тәжірибесі баяндалған. Автор дәстүрлі офистік бағдарламалармен қатар Windows Movie

Maker, ACTIVstudio сияқты бағдарламалардың тиімділігіне тоқталған. Сонымен қатар қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы студенттерінің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруда SunRav WEB Class.Book, WebEXE бағдарламасының маңызды екендігі туралы қорытынды жасаған. Курсты оқыту барысында жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижелері білім сапасын арттыруға мүмкіндік берген.

Түйінді сөздер: қазақ тілін оқыту әдістемесі, ақпараттық технологиялар, таңдау пәні.

АННОТАЦИЯ

В статье показан опыт проведения специального курса по методике преподавания «Использование информационных технологий в преподавании казахского языка». Автор отмечает эффективность программ Windows Movie Maker, ACTIVstudio наряду с традиционными офисными программами. Кроме того, в формировании информационной компетентности студентов специальности казахского языка и литературы были использованы программные оболочки SunRav WEB Class.Book, WebEXE. Педагогический эксперимент, проведенный в обучении позволил улучшить качество обучения по преподаваемой дисциплине.

Ключевые слова: методика преподавания казахского языка, информационные технологии, элективный курс.

ABSTRACT

The article describes the experience of holding a special course on teaching the "Use of information technologies in the teaching of the Kazakh language". The author notes the effectiveness of the programs Windows Movie Maker, Activestudio along with traditional office programs. In addition, the formation of information competence of students of the Kazakh language and literature were used software shell SunRav WEB Class.Book, WebEXE. Pedagogical experiment conducted in the training has improved the quality of training in teaching discipline.

Keywords: methods of teaching kazahskogo language, information technology, elective course.

«Қазақ тілін оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану» арнайы курсы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы студенттеріне 2006 жылдан бері оқытылып келеді. Жыл өткен сайын ақпараттық құралдардың жетілдіріліп отыруына байланысты курс мазмұны да өзгеріп, толықтырылып отырды.

Бұл пән студенттердің ақпараттық мәдениетін жетілдіруді, оқытуды ақпараттандырудың педагогикалық негіздерімен таныстыруды, деңгейленген оқу-педагогикалық тапсырмалар құра білуді және дайын бағдарламалық қабықшалар көмегімен электронды оқулық құрастыра білуді үйретуді көздейді.

Осы курсты оқыту барысында техникалық және аудиовизуалдық құралдар оқыту құралдары ретінде (олардың дидактикалық және әдістемелік функциялары, оқу материалын құрастыру принциптері, қазақ тілін оқытуда педагогикалық қызметті ұйымдастыру ерекшеліктері) қарастырылды.

Пәннің мақсаты – студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру; оқытуды ақпараттандыру құралдарының техникалық құрылымымен және қызметімен таныстыру; деңгейленген ақпараттық оқу ортасында жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру.

Мектептегі информатика курсына және ЖОО-ның 1-курсында оқылатын информатика пәндері бойынша алған білімді: мәтіндік, графикалық редакторлар, кесте құру, мәліметтер базасын жасау, бағдарламалаудың Бейсик, т.б. тілдерінің негізгі операторларымен жұмыс істеу дағдысын қазақ тілін оқыту әдістемесі принциптерімен, мақсаты мен міндеттерімен тығыз байланыстыру пәннің қажеттігін көрсетті.

Студенттер қазақ тілі бойынша оқу материалдарын түсіндіруде компьютерді көрнекілік ретінде қолдана білуді (презентация, диаграмма, т.б.), қазақ тілі материалдарынан деңгейлік тапсырмалар құрастыра білуді, Интернет желісі, локальды желі арқылы мәліметтер алу, сақтау, тарату т.б. жұмыс сітеуді үйренді. Лекция барысында педагогикалық бағдарламалық құралдар түрлері, қазақ тіліндегі бағдарламалық өнімдер, қазақ тілін үйретуге арналған бағдарламалық құралдар, «Қазақша сұқбат», «Орфография және пунктуация» электронды оқулықтары [1] т.б. тақырыптарға байланысты мәліметтер берілді. Сонымен бірге оқу-тәрбие үрдісінде компьютерге қандай нақты педагогикалық функцияларды жүктеуге болады, педагог пен білім алушының қарым-қатынасы, сонымен бірге білім

алушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы оқытуды компьютерлендіру жағдайларында қалай өзгереді, үйретуші бағдарламалар мен электронды оқулықтарды құрастырғанда және пайдаланғанда қандай талаптарды басшылыққа алу керек; шет елдерде компьютерлік оқыту теориясы мен практикасы қалай дамып жатыр, қазақ мектебін ақпараттандырғанда, олардың қандай жетістіктерін ескерген жөн сияқты сұрақтарға да пікірталастар ұйымдастырылды.

М.Б.Лебедева, О.Н.Шилова кәсіби ақпараттық құзыреттілік компоненттері ретінде [2, б. 98]:

- интернет-қорларды пайдаланып оқыту үшін қосымша ақпаратты іздеу және біріктіру;
- өзінің кәсіби деңгейін жоғарылату үшін интернет-конференцияларға, оқытушылардың бірлескен желілік жұмыстарына қатысу;

- компьютерлік үйретуші бағдарламаларды құру және оқу ақпаратын стандартты қосымшалар мен құралдар жүйесі арқылы беру, көрсету;

- стандартты қосымшалар мен арнайы бағдарламалар көмегімен компьютерлік тестер жасау;

- стандартты қосымшалар мен арнайы бағдарламалар көмегімен оқу мақсатындағы деректер қорын құру;

- HTML-редакторлар, стандартты қосымшалар мен құралдар көмегімен электронды тасымалдағыштарда оқу құралдары мен материалдарын жасау және оқу мақсатына арналған жеке интернет-ресурстар құру;

- білім беру мен тәрбиелеуде дайын мультимедиалық құралдарды қолдана алуды атайды.

Қазір ақпараттандыруды тиімді жүзеге асыру жолдары [3, б. 76 – 81] қарастырылуда.

Бірінші деңгей мен оқытудың бірінші кезеңі – компьютерлік телекоммуникациялар *зерттеу нысаны*.

Компьютерлік технологиялар бойынша курс бағдарламасын дайындау барысында: қоғамдық сұранысты педагогикалық мекеме түлектерінің ақпараттық сауаттылығына трансформациялау арқылы курс мазмұны мен бағытын айқындау; педагогикалық мақсатты студенттердің таяудағы даму аймағына сәйкес нақтылау; педагогикалық процесті оқытудың мазмұны, әдіс-тәсілдері мен формаларын ғылыми негізделген түрде таңдай отырып құрастыру сияқты міндеттер шешіледі.

Жасалған бағдарламаны *жүзеге асыру* барысында өзара тығыз байланысты мақсатты, мазмұнды нақтылау, студент қызығушылығын арттыру процестері нақтыланып [4, б.21], белгілі бір әдістер, қажетті бағдарламалық жасақтамалар жүзеге асады, кері байланыс негізінде оқу үрдісін бақылау мен реттеу жүріп жатады, оқытуға ыңғайлы жағдайлар (мысалы, информатика кабинетін заманға сай жабдықтау арқылы) оқыту әдістері [4, б. 137] мен дидактикалық элементтерге де өзгеріс әкеледі. Бұл кезеңді бағалау сандық және сапалық деңгейде жүргізіледі, мәселен тестілеу нәтижесінде курстың кемшілік жақтары байқалуы мүмкін.

Өткізілген курс *нәтижелерін талдау* кезеңі мазмұнды тереңдету, кеңейту немесе азайту, қолданылған әдістер мен формалардың тиімділігін бағалау, үйретуші педагогикалық бағдарламаларды пайдаланудағы курстың жетістік және кемшілік тұстарын байқау, осы нәтижелерге сүйене отырып жаңа міндеттер қою, шетелдік тәжірибелерге үңілу және т.б. сияқты түзетулер жасауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге жоспарланған және нақты орындалған оқу нәтижелері талданды.

Білім беру технологияларын жобалаудың маңызды элементтері анықталды. Оның құрамына студенттер білімін алдын ала байқау енеді, яғни сауалнама немесе тестілеу көмегімен бірнеше мәселелерді шешуге мүмкіндік туындайды - дайындық деңгейін айқындау; қажетті компьютерлік дағдыларды қалыптастыруға кері ықпал еткен себептерді түсіну; оқу мотивациясын бағалау; кәсіби деңгейін жоғарылатуға деген жеке қызығушылығын анықтау және т.б.

Бастапқы оқыту элементтеріне психологиялық кедергіні жою, пайдаланушыға қажетті алғашқы дағдыларды қалыптастыру, білім алушыларға жеке көзқарас тұрғысынан келіп,

модульдік әдіспен ұйымдастырылған, ішкі логикасы бекем, жеткілікті деңгейдегі курс прототип бола алатын үздіксіз оқыту жүйесін жасау енеді.

Екінші деңгей мен оқытудың екінші кезеңі – компьютерлік телекоммуникациялар оқыту құралы.

Компьютерлік технологиялар бағдарламалық жасақтамасы үйренуге қажетті дағдылар емес, белгілі бір міндеттерді шешуге арналған құрал ретінде, мысалы, студенттер газетін шығару немесе жиналған материалдардан деректер қорын құру үшін қолданылғанда ассоциацияланады. Компьютерлік технологиялардың бағдарламалық жасақтамасын пайдаланудың бұл түрі «педагогикалық тұрғыда бейтарап» болып сипатталады, өйткені білім беруді ұйымдастыру түріне (дәстүрлі түрде ме, әлде қашықтықтан оқыту ма) қатыссыз.

Оқытудың интерактив тәсілдеріне қарым-қатынас нобайлары – «Электронды байланыс арқылы әңгімелесу», хат жазысу, виртуалды сыныптар, электронды мекенжай арқылы әйгілі адамдармен байланысу, мұғалімдерге арналған телеконференциялар т.б. жатқызуға болады.

Үшінші деңгей мен оқытудың үшінші кезеңі – компьютерлік телекоммуникациялар оқыту ортасы.

Интернетті инновациялық элеуметтік-педагогикалық орта ретінде қарастырғанда, компьютерлік технологиялардың бағдарламалық қосымшалар кешені *орта* ретінде ерекшеленеді. Оқыту ортасы ретінде қосымшалар мазмұнды жеткізуші болып табылады. Мұндай қосымшалар қарапайым сөздіктерден бастап күрделі имитаторларға дейін болуы мүмкін. Бұл жағынан қарағанда оларды педагогикалық нейтрал деуге болмайды, олар міндетті түрде (эксплицитті немесе имплицитті) оқу теорияларының біріне негізделіп отырады. Телекоммуникациялық ақпараттық ортада оқытудың педагогикалық міндеті дәстүрлі оқытудан өзгеше: оқытып қана қоймай, жеке оқуды қашықтықтан басқару жүзеге асады.

Оқу технологиялары оқу ортасына қарай жіктеледі. Қазіргі компьютерлік технологиялар оқу технологияларының арасында кеңінен тараған орта ретінде *WWW*-серверлерді атауға болады. Олар оқу мақсаты, міндеті, мазмұны, әдістері мен тәсілдеріне қарай типтелуі мүмкін. Ақпараттық сервер, тестік сервер, проблемалық сервер, имитациялық сервер, күрделі реалды серверлер болып бөлінеді.

Алғашқы оқу жылында студенттер қажетті мәліметтерді конспектiлеп, содан кейін бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істеудің оқытушы көрсеткен негізгі тәсілдерін қайталап, меңгерді. Оқытудың бұл түрінде біз түсіндіру-иллюстративтік тәсілді қолдандық та, студенттермен жеке жұмыс істеуге аз уақыт қалды. Студенттер белгілі бір білім көлемін меңгергенмен, бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істегенде оны салыстырмалы түрде әлсіз қолданды. Білім мен іскерлікті меңгеруінің орташа балы 3,3-3,4 болды.

Екінші оқу жылында студенттер бағдарламалық жасақтаманы үйретуші бағдарлама көмегімен зерттеді. Одан кейін олар бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істеу іскерліктері мен дағдыларын өз бетінше қалыптастырып, жаттықты. Сабақ кезінде оқытушы олардың жұмысын түзетіп отырды. Жұмыстың бұл түрінде де түсіндіру-иллюстративтік әдіс басым болды, бірақ үйретуші программаларды қолдану оқу үрдісін біршама жекелеп жүргізуге мүмкіндік берді. Білім мен іскерлікті меңгерудің орташа балы 3,5-3,7 құрады.

Үшінші оқу жылында студенттер алдын ала дайындалған MS Office Power Point, Windows Movie Maker, ACTIVstudio тапсырмаларымен жұмыс істеді. Онда алдыңғы тапсырма келесі тапсырмаға тірек болатындай етіп құрастырылған еді. Ондай жағдайда оқытушы әрбір студентпен жеке жұмыс істеуіне көбірек уақыт бөлінді. Оқытудың бұл әдістемесі орташа балды 4,1-4,3-ке дейін жоғарылатуға ықпал етті.

Төртінші оқу жылында студенттер SunRav WEB Class.Book, WebEXE бағдарламалық жасақтамада жұмыс істеу және мүмкіндіктерімен танысуды үйретуші программа көмегімен іске асырды, сонан кейін оқытушының басқаруымен алдын ала құрастырылған тапсырмаларды орындап, білім мен іскерліктерін бекітті. Бұл жағдайда білім мен іскерлікті меңгеру 4,4-4,7 балды құрады. Осы жылғы жетістіктер келесі оқу жылдарында да қайталанып отырды.

Эксперимент нәтижелері құрастырылған тапсырмаларды үйретуші программамен кешенді қолдану оқу процесін белсендендіре отырып, жаңа материалды түсіндіргенде уақыт

үнемделетінін көрсетті. Сол арқылы студенттерге материалды практикалық тұрғыда бекітуге уақыт көбірек бөлінді де, білім мен іскерлікті терең меңгеріп, сапасын арттыруға жағдай жасалды. Сонымен бірге берілген уақыт ішінде оқытушының студенттермен жеке жұмыс істеуіне, материалды меңгеруге көмек беруіне мүмкіндік жасалды. Алынған нәтижелерге талдау барысында білім, іскерлік пен дағдыны түрлі деңгейде меңгеру оқытушы қызметінің жемісті болуына ықпал ететіні белгілі болды.

Студенттердің компьютерлік технологияларды оқу процесінде пайдалану іскерлігін тиімді қалыптастырудың объективті шарттары ретінде олардың ақпараттық технологияларды оқу процесінде қолдану орны мен мүмкіндіктері, компьютерлік технологиялармен жұмыс істей білу іскерліктері мен дағдыларының қажетті жүйесі және ақпараттық технологияларды оқу процесінде қолдану тәсілдері туралы білім жүйесін игеруін атауға болады. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқу мақсаты, мазмұны мен оқу әдістерінің өзара тығыз байланыстылығы, ақпараттық технологияны қолдану іскерлігі мен білімі сапасының білім алушының жеке ерекшеліктері мен оқу құралдары жүйесіне тәуелділігі сияқты болашақ мұғалімді кәсіптік дайындаудың педагогикалық заңдылықтары осының негізінде айқындалады.

Әдебиеттер тізімі:

1.Сарыбеков М.Н., Жумабаева А.М. Электронный учебник – программа для ЭВМ «Орфография и пунктуация казахского языка». Авторское свидетельство №92 от 19 марта 2008 года, выдан Министерством Юстиции РК.

2.Лебедева О.В, Шилова Н.А. Что такое компетентность студентов педагогического университета и как ее формировать? // Информатика и образование. –2004. –№ 3. –С.95–98.

3.Выступление министра Образования и науки РК на республиканской педагогической интернет конференции. г.Астана, 18 августа 2009 года // 12-летнее образование. Республиканский научно-методический, информационно-аналитический журнал. 2009. №9. С.76-81.

4.Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студентов выс. учеб. заведений. –Москва: Академия, 2009. –С.211.

Ибрагимова Наиля Ахтамовна

канд. биол. наук, старший преподаватель КНУ,
г.Алматы

К МЕТОДОЛОГИИ ДИСЦИПЛИНЫ «МИРОВАЯ ГЕОГРАФИЯ ТРАНСПОРТА» ДЛЯ СТУДЕНТОВ, ОБУЧАЮЩИХСЯ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ «ТРАНСПОРТНАЯ ЛОГИСТИКА»

АННОТАЦИЯ

Қаралды кейбір оқытудың әдіснамалық аспектілері дисциплины "География әлемдік көлік".

Түйінді сөздер: география, әлемдік көлік, географиялық қарым-қатынастар, географиялық принциптері, көлікті логистика

АННОТАЦИЯ

Рассмотрены некоторые методологические аспекты преподавания дисциплины «География мирового транспорта».

Ключевые слова: география, мировой транспорт, географические отношения, принципы, транспортная логистика

ABSTRACT

Some methodological aspects of teaching of discipline are considered "Geography of world transport".

Keywords: geography, world transport, geographical relations, geographical principles, transport logistic